

Кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара борыштарының ішкіреспубликалық есептерін жүргізудің белгіленген ережелерін бұзуға жол берген шаруашылық жүргізуші субъектілер мен банкілерге қолданылатын ықпал ету шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 10 тамыз N 890. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.04.13. N 565 қаулысымен. ~P000565

Кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара борыштарының ішкіреспубликалық есептерін жүргізудің шарттарын реттейтін заң талаптарын кәсіпорындар мен банктердің бұзуының көптеген фактілері анықталуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мынадай қосымша экономикалық санкциялар белгіленсін:

шаруашылық жүргізуші субъектілердің ішкіреспубликалық есептеу қаражаты есебінен аванс төлемдерін жасағаны үшін- кредиттің мақсаттан тыс пайдаланылған сомасының 25 проценті көлемінде айыппұл. Есептеу бойынша кредиттің мақсаттан тыс пайдаланылған сомасына Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша процент қосылады; нөмірі 725 баланс шоты қалдықтарын өз бетінше босатқаны /санкцияланбаған эмиссия/ үшін - бір ай мерзім ішінде босатылған соманың орны толтырылатын етіп, осы соманың 25 проценті көлемінде айыппұл.

2. Мыналар белгіленсін:

айыппұл төлетуші орган Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қаржы бақылау комитеті және олардың жергілікті органдары болып табылады; айыппұл республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі.

3. Мемлекеттік кредитті қайтару перспективаларын қарастыру жөніндегі жергілікті комиссиялар бір ай мерзім ішінде қолданылып жүрген заңға сәйкес есептеу бойынша берілген кредит ресурстарының мақсаттан тыс пайдаланылуына жол берген лауазымды адамдардың жауапкершілігін қарасын.

Бұл жөніндегі материалдар Ішкіреспубликалық есептеу жөніндегі мемлекеттік комиссияға берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып бір ай

мерзім ішінде:

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің және банктердің қызметкерлерінің есептеу бойынша қаражатты санкциясыз босатуға жол берген тәртіп бұзушылықтары үшін жауапкершілігін қарау ұсынылсын.

Қажет болған жағдайда өрескел тәртіп бұзушылық туралы материалдар тергеу орындарына берілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі